

Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы №1

Өткізілген күні: қыркүйек айы 2024 жыл

Қатысқандар саны : 17

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау. Педагогтердің құжаттарды талапқа сай толтырулары - перспективалық жоспарын талқылау.

Баяндамашы: Әдіскер А.О. Оралханова

2. МДҰ мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпы міндетті стандарт талаптарын сақтау негізгі қағидалары.

Баяндамашы: Әдіскер А.К. Төлемисова

3. Балалардың балабақшаға бейімделуі.

Баяндамашы: Психолог Э. Қасымханова

4. Ағымдағы мәселелер.

Баяндамашы: Әдіскер А.О. Оралханова

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Бірінші мәселе бойынша:

Әдіскер А.О. Оралханова сөз сөйледі. Ол жаңа 2024-2025 оқу жылына дайындық жұмыстарының барысы туралы баяндады. Педагогтердің міндетті құжаттарды, соның ішінде перспективалық жоспарларды бекітілген талаптарға сай толтыру ережелерін түсіндірді. Жоспарлау кезінде балалардың жас ерекшеліктерін ескеру қажеттігін атап өтті.

2. Екінші мәселе бойынша:

Әдіскер А.К. Төлемисова мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпы міндетті стандартының (МЖМБС) негізгі талаптарымен таныстырды. Стандарт қағидаларын оқу-тәрбие үдерісінде сақтаудың маңыздылығына тоқталып, педагогтердің осы бағыттағы міндеттерін айқындады.

3. Үшінші мәселе бойынша:

Психолог Э. Қасымханова балабақшаға жаңадан келген балалардың бейімделу (адаптация) кезеңі туралы сөз қозғады. Бейімделу процесін жеңілдету үшін тәрбиешілер мен ата-аналар арасындағы тығыз байланыстың маңызын, топтарда қолайлы психологиялық климат құру әдістерін ұсынды.

4. Төртінші мәселе бойынша:

Әдіскер А.О. Оралханова ағымдағы ұйымдастыру мәселелеріне тоқталды. Оқу бөлмелері мен топтардың дайындығы, техникалық қауіпсіздік ережелері және алдағы іс-шаралар кестесі талқыланды.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

Педагогтердің перспективалық жоспарлары мен жұмыс құжаттары айтылған ескертулер мен талаптарға сай реттеліп, бекітуге ұсынылсын. Мерзімі: қыркүйек айының алғашқы аптасы.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпы міндетті стандарт талаптары барлық топтардың оқу-тәрбие үдерісінде қатаң сақталсын. Бақылау әдіскерлерге жүктелсін.

Психологтың ұсыныстарын ескере отырып, жаңадан келген балалардың бейімделу карталары жүргізілсін және ата-аналарға кеңес беру жұмыстары ұйымдастырылсын.

Ағымдағы мәселелер бойынша айтылған тапсырмалар уақытылы орындалсын.

Төрайымы:

Хатшы:



Саирова С.Б

Мурзагалиева Г.Б

№2 Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

Күні: қараша айы 2024 жыл

Қатысқандар саны : 18

Күн тәртібінде:

1. Мектепке дейінгі ұйымда салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңызы (Баяндама).
2. Өткізілген ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттің қорытындысы.
3. Ағымдағы мәселелер.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша тыңдалды:

Әдіскер А.О. Оралханова «Мектепке дейінгі ұйымда салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңызы» тақырыбында баяндама жасады. Ол балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру және дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру жолдарын атап өтті.

2. Екінші мәселе бойынша тыңдалды:

Шығармашылық топ мүшелері өткізілген ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттердің қорытындысымен таныстырды. Сабақтардың жетістіктері мен жіберілген кемшіліктерге талдау жасалды.

3. Үшінші мәселе бойынша тыңдалды:


Әдіскер А.О. Оралханова ағымдағы мәселелер, оның ішінде тәрбиеленушілердің сабаққа қатысуы және кезекті құжаттарды ресімдеу туралы сөз қозғады.

Қаулы:

1. Баяндамада айтылған ұсыныстар ескерілсін және тәрбиешілердің күнделікті жұмыс жоспарына енгізілсін.
2. Ашық іс-әрекеттер кезіндегі озық іс-тәжірибелер таратылсын. Нәтижесі қанағаттанарлық деп танылсын.
3. Күнделікті құжаттар уақытылы толтырылсын және бақылауға алынсын.

Төрайымы:

Хатшы:



Оралханова А.О

Мурзагалиева Г.Б

№3 Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

Күні: ақпан айы 2025 жыл

Қатысқандар саны: 18 адам

Күн тәртібінде:

1. Қоршаған ортамен танысу, экология негіздері арқылы баланың эстетикалық талғамын қалыптастырудың маңызы.
2. Өткізілген іс-шаралар қорытындысы.
3. Ағымдағы мәселелер.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша тыңдалды:

Әдіскер А.О. Оралханова «Қоршаған ортамен танысу, экология негіздері арқылы баланың эстетикалық талғамын қалыптастырудың маңызы» тақырыбында сөз сөйледі. Балалардың табиғат сұлулығын сезінуі мен экологиялық тәрбие алуының маңыздылығын түсіндірді.

2. Екінші мәселе бойынша тыңдалды:

Шығармашылық топ жетекшілері мен Әдіскер А.О. Оралханова өткен кезеңде ұйымдастырылған іс-шаралардың қорытынды есебін ұсынды. Шаралардың мақсатына жеткені айтылды.

3. Үшінші мәселе бойынша тыңдалды:

Әдіскер А.О. Оралханова алдағы көктемгі мерекелерге дайындық және ағымдағы ішкі тәртіп мәселелерін ортаға салды.

Қаулы:

- Балалардың экологиялық мәдениетін дамыту мақсатында топтарда табиғат бұрыштарының жұмысы жандандырылсын.
- Өткізілген іс-шаралар жоғары деңгейде өтті деп есептелсін. Есептер бекітілсін.
- Мерекелік іс-шаралардың жоспары бекітіліп, жауапты тұлғалар белгіленсін.

Төрайымы:

Хатшы:



Оралханова А.О

Мурзагалиева Г.Б

№4 Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

Күні: сәуір айы 2025 жыл

Қатысқандар саны: 17 адам

Күн тәртібінде:

1. Әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Оқу жылының қорытынды нәтижесі.
3. Ағымдағы мәселелер.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша тыңдалды:

Әдіскер А.О. Оралханова өткен әдістемелік кеңестерде қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы баяндады. Ол бекітілген тапсырмалар мен хаттамалық шешімдердің уақытылы және толық деңгейде жүзеге асқанын атап өтті.

2. Екінші мәселе бойынша тыңдалды:

Әдіскер М.С. Мухамадиева оқу жылының қорытынды нәтижелеріне тоқталып, педагогтардың жыл бойғы жетістіктері мен оқу-тәрбие үдерісінің негізгі көрсеткіштерін талдады.

3. Үшінші мәселе бойынша тыңдалды:


Тәрбиеші А.К. Толемисова ағымдағы мәселелерді, атап айтқанда топтардағы күнделікті тәрбие жұмыстары мен балалардың қауіпсіздік ережелерінің сақталуын сөз етті.

Шешім:

1. Өткен әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы туралы ақпарат ескерілсін, жұмыс нәтижесі қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Оқу жылының қорытындылары бекітілсін. Нәтижелерді жақсарту бойынша ұсыныстар келесі оқу жылының жоспарына енгізілсін.
3. Топтардағы қауіпсіздік шаралары мен ағымдағы тәрбие жұмыстары тұрақты бақылауда ұсталсын.

Төрайымы:

Хатшы:



Оралханова А.О

Мурзагалиева Г.Б

№ 5 Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

Күні: мамыр айы 2025 жыл

Қатысқандар саны : 18

Күн тәртібінде:

1. Балалардың біліктері мен дамуының қорытынды мониторингінің нәтижесін талдау.
2. Шығармашылық топтың жұмысы туралы есеп беру.
3. Балабақшаның мемлекеттік аттестациядан өтуі бойынша құжаттар дайындығы.
4. Балалардың мектепке оқуға дайындығы.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша тыңдалды:

Әдіскер М.С. Мухамадиева және топ тәрбиешілері балалардың біліктері мен дамуының қорытынды мониторинг нәтижелерін ортаға салды. Жыл басымен салыстырғанда балалардың көрсеткіштері мен даму деңгейінің өскені дәлелденді.

2. Екінші мәселе бойынша тыңдалды:

Шығармашылық топ жетекшісі жыл бойы атқарылған жұмыстар, ұйымдастырылған іс-шаралар және әдістемелік әзірлемелер туралы есеп берді.

3. Үшінші мәселе бойынша тыңдалды:

Әдіскер М.С. Мухамадиева балабақшаның мемлекеттік аттестациядан өтуіне қажетті құжаттар топтамасының дайындық барысын баяндап, басты талаптарды түсіндірді.

4. Төртінші мәселе бойынша тыңдалды:


Психолог М. Турсынханова ересек топтарындағы балалардың мектепке оқуға психологиялық және танымдық дайындық деңгейін зерттеу қорытындысымен таныстырды.

Шешім:

1. Қорытынды мониторинг нәтижелері бекітілсін. Бала дамуындағы ілгерілеушіліктер есепке алынсын.
2. Шығармашылық топтың жылдық есебі бекітілсін. Тәжірибелі педагогтардың жұмысы жоғары бағалансын.
3. Аттестациялық құжаттарды дайындау жұмыстары бекітілген мерзімде аяқталсын және тапсырылсын.
4. Психолог ұсыныстары ата-аналар мен тәрбиешілерге жеткізілсін. Балалардың мектепке дайындығының нәтижелері бекітілсін.

Төрайымы:

Хатшы:



Мухамадиева М.А

Мурзагалиева Г.Б